

Бекітемін: Талдық негізгі орта мектебінің директоры

К.Л.Аманов.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оку жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Талдық негізгі орта мектебі  
мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың күршілік кезеңі: қыркүйек 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолды алға, екі жаққа, жоғары котеру, тұрган қалыпта колдарын арқасына апару, саусактарын бүтіп, колдарын айналдыра кимылдауды орындау.</p> <p><b>Негізгі кімбылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа кимылдармен кезектестіру, кол мен аяқ кимылын үйлестіру, бой тұзулагін дұрыс сактау;</p> <p><b>Жүгіру.</b> Біркалыпты, аяқтын ұшымен, тізені жогары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен кадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баюу карқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішинде баюу карқынмен үздіксіз жүгіру; оғта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – f, л – r, ж – z, с – z, ж – sh, н – n, х – h дыбыстарын естүй бойынша ажыратуга және анық айтуда үйрету;</p> <p><b>Сөздік кор.</b> балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сыйн есімдермен,сан есімдермен, үстеулермен, журнектар және жалғаулармен байыту,</p>

		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>          1) түбірлес сөздерді жасау және колдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен колдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді колдану дағдыларын қалыптастыру;</p>
	Көркем әдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелей.</b>          Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауга, баянда сипатын сезінуге баулу. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыры.  <b>Мәнерлеп оқу.</b> Балаларды дауыс ыргағымен мәнерледі оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауга, балалардың өлең мазмұнына деген катынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу;  <b>Мазмұндау.</b> Сюжеттік бірізділікті сактай отырып, көніл-куймен, кисынды мазмұндауга үйрету;  <b>Шығармашалық әңгімелей.</b> Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланыскан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелей барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді колдануға үйрету;  <b>Адамгершілік нормалары туралы түсінік.</b>          ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;</p>
	Саят ашу негіздері	<p>1) "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.          2) балаларды сездеі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатан және үян дауыссыз дыбыстарды ажыратада білуге үйрету;          3) дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;          4) колды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрих гарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
	Қазақ тілі	<p>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді колдана білуге үйрету. Коршаған ортадағы күнделікті жіңі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (казақ күйі үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p>

	Математика негіздері	<b>Жиын.</b> Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, кимылы, колданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктеге белу және оларды кайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне катынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінін мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретін түсіндіру.
	Коршаган ортамен таныстыру	<b>Бала, оның отбасы, үй:</b> Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабакшага баруы, мектепке баруы, ересек азamat болып ержетуі мен енбек етуі, болашакта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсініүе, болашакта мектепте оқуга ынтасын арттыру, жаңанды тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету Өзінің болашагына, біліміне, деңсаулығына, қызметтіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдалысын тигізуге баулу. Енбеккорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінүе, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Тұстық байланыстарды түсіну (өз жұртты атасы мен әкесі, жақын тұстары, нағашы жұртты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне камкорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айтту, сыйтай сөйлеу.
	Құрастыру	<b>Құрылым материалдарынан құрастыру.</b> Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктегін және оған тән бөлшектерін анықтайды. Білуге үйрету. Құрылым материалдарынан конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпта, өзбеттінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылышы мен құрылыштың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
	Сурет салу	<b>Сюжеттік сурет салу:</b> бейнелерді бүкіл парапка, бір сызықтың бойына, жалпақ жолакшага орналастыру біліктегін қалыптастыру. Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды колдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Ертеңі желісі бойынша сурет салу; <b>Сәндік сурет салу.</b>

		тұзу, ирек, жінішке, жалпак сзыктарды, түрлі көлемдегі донгелектерде жакпаларды, нүктелерді ыргакты орналастыра отырып, каралайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту.
Мұсіндеу		<p><b>Заттық мұсіндеу.</b>  Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мұсіндеудің дағдыларының калыптастыру: түрлі тәсілдерді колданып бейнелеу;</p> <p><b>Сюжеттік мұсіндеу.</b>  Балаларды мұсіндеудің таныс әдістерін колдануды және заттардың өлшемдік катынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның кимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге.</p> <p><b>Сәндік мұсіндеу:</b>  Балаларды халық ойыншыктарымен таныстыру, ойыншыктарды мұсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншыктар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мұсінді бейненең безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша тандауды ұсыну.</p>
Жапсыру		<p><b>Заттық жапсыру:</b>  Балалардың қайшины колдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп киу, шаршыларды ұшбұрышты етіп киу, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін киоды үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b>  Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсырулардың құрастыру барысында обьектілердің көлемі бойынша катынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, катынастарын көре білу іскерліктерін менгерту.</p> <p><b>Сәндік жапсыру.</b>  түрлі пішіндеғі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету</p>
Музыка		Музыка жетекшісінің жоспары бойынша